

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев мырзаға
Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының төрағасы М.С.Әшімбаев
мырзаға
Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің төрағасы Н.З.Нығматуллин
мырзаға
Қазақстан Республикасы Есеп комитетінің төрағасы Н.Н.Годунова ханымға
Қазақстан Республикасының Премьер-министрі А.Ұ.Мамин мырзаға
Барлық деңгейдегі әкімдерге

12 мамыр 2020 ж.

Үндеу

Әлемдегі коронавирус пандемиясы тек Қазақстан емес, әлемге тигізген әсері орасан. Төтенше жағдай мен карантин режимін жариялау Қазақстан азаматтарының қауіпсіздігі мен саулығы үшін ауыр болса да уақтылы қабылданған шешім болды.

Президент мырза, Сіз пандемияның салдарын алдын алу мен қолдау мақсатында бұрын болмаған шаралар жарияладыңыз. Сіз коронавируспен күреске Қазақстан үкіметіне **6 триллион теңге** бөлінетінін айттыңыз.

Біз азаматтар денсаулығы мен қауіпсіздігіне қызмет ететін денсаулық сақтау жүйесі мен ел өмірінің жақсы болуын қамтамасыз етумен айналысатын басқа да маңызды салаларға үлкен ауырлық түсіп отырғанын жақсы түсінеміз. Сонымен бірге, азаматтарын қорғауға мемлекеттің үлкен күш жұмсап отырғанын ескере отырып, мемлекеттік бюджет пен Ұлттық қордан бөлініп жатқан қаржы мен барлық қабылданып жатқан шаралардың **айқындығы мен есептілігі** аса маңызды екенін айтқымыз келеді.

Коронавирус пандемиясы экономика мен қоғамға зиянын тигізіп қана қоймай, жемқорлық пен бюджет қаржысын мақсатсыз жұмсауға жол ашып отыр. Бұл қабылданып жатқан шаралардың дұрыстығы мен мемлекеттік институттарға қоғам сенімсіздігін арттыруға әкеледі.

Қаржының жабық және тең бөлінбеуі көрсетілетін көмек тепе-теңдігі сақталмауына, ең мұқтаж топтардың ескерілмей қалуына, ал ол алдағы уақытта экономика мен қоғам тұтастығының бұзылуына әкеледі.

Президент мырза, 2019 жылдың 2 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына жолдауыңызда азаматтардың барлық конструктив сұраныстарына жедел және тиімді реакция білдіруге негізделген эффективті мемлекеттің негізгі принциптері – **«Күшті Президент – ықпалды Парламент – есепті Үкімет»**, сонымен бірге **«Азаматтар үніне құлақ түретін мемлекет»** идеясын жариялағансыз.

Коронавирусқа бөлінген қаржының көлемі мен Сіз жариялаған принциптердің сақталуы маңызды екенін ескере отырып, айқындықты барлық деңгейде қамтамасыз ету бойынша мынадай шаралар қабылдау қажеттігіне ел басшылығының назарын аударғымыз келеді:

1. Мемлекеттік комиссия бөлінген қаржы бойынша барлық ақпаратты жинап, жариялауы керек;
2. Коронавируспен күреске бөлінген қаржының негізділігі мен қажеттікке сай екені туралы барлық көмек алушы қамтылған жан-жақты есеп әзірлеп, жариялау;
3. Ол Есепті Парламентте қарап, барлық материалды мемлекеттік органдардың сайтында жариялау;
4. Орталық және жергілікті деңгейде қабылданатын шешімдер мен бюджет қаржысын жарату процесін азаматтық қоғам өкілдерінің бақылауын қамтамасыз ету;
5. Тапсырыс берушілердің төтенше жағдай кезінде жасаған барлық мемлекеттік сатып алулары қаншалықты негізді болғанын қоғам алдында ашық түсіндіруін қамтамасыз ету;
6. Коронавируспен күрес туралы ақпарат тарататын БАҚ, ұйымдар мен жеке тұлғалардың ақпаратқа қол жеткізу мен сөз бостандығы құқығын, осы мақсатта мемлекеттен қаржы бөлінуін қамтамасыз ету.

Қазір үкімет, бизнес пен азаматтық қоғам әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға күш біріктіруі және оны айқындық, есептілік пен заң үстемдігі арқылы жүзеге асыруы керек.

Біз ашықтық пен азаматтық қоғаммен тең дәрежедегі сұхбат мемлекет қаржысын эффективті және рационал басқаруға мүмкіндік береді және ол тұрғындардың барлық тобының мүддесін көздейді деп сенеміз.

Біз бюджет айқындығын қамтамасыз етудің барлық бағыты бойынша шараларды азаматтық қоғаммен тығыз әрекеттестікте және барлық азаматтың мүддесіне сай жүзеге асыруға шақырамыз.

Қол қоюшылар:

Шолпан Айтенова, Zertteu Research Institute

Жанар Жандосова, Центр Исследований Сандж

Диана Окременова, Правовой Медиа Центр

Касымхан Каппаров, Economist.kz

Мария Лобачева, ОО «Эхо»

Алтынай Нуркеева, ОО «Социум Зерттеу» стратегиялық орталығы

Ирина Медникова, Молодежная Информационная Служба Казахстана

Адилей Джалилов, Международный центр журналистики MediaNet

Есенгул Кап, Мінбер журналисттерді қолдау орталығы

Жанат Нургалиев, Integrity Astana

Адилей Нурмаков, Urban Forum

Татьяна Зинович, Центр исследования правовой политики (LPRC)

Руслан Асаубаев, Last Hope

Людмила Петрова, Объединение Ангел

Арсен Аубакиров, Коалиция Нового поколения правозащитников

Баян Егизбаева, Центр по проблемам молодёжи

Тулесова Асия, Common Sense

Данил Бектурганов, Гражданская экспертиза

Елена Швецова, Еркіндік қанаты

Серик Бейсембаев, Paper Lab

Лейла Зулейха Махмудова, ОФ «FemAgora»

Мирамбек Камалов, АРДА

Гульмира Биржанова, Коалиция Нового поколения правозащитников

Татьяна Чернобил, Консультант по международному праву в области прав человека

Худяков Сергей, Институт развития местного самоуправления

Жибек Ахметова, Гражданский альянс Мангистауской области

Светлана Ушакова, ИНМИР

Малика Токмади, PaperLab

Павел Банников, Factcheck.kz

Евгений Жовтис, Международное бюро по правам человека

Вениамин Алаев, Комиссия по правам людей с ограниченными возможностями имени К. Иманалиева

Ғалымжан Оразымбет, Zertteu Research Institute